

**"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 93 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының

бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жұмыстарын үйлестіру өзінің құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 30 тамыздағы  
№ 93 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 109 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Медициналық бұйымдар айналысы саласындағы ақпараттық жүйені қалыптастыру мен жүргізу тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 12 ақпандағы № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамаларын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске қатысушыға белгілі бір іс-қимылдарды орындауға құқықтар беру;

"бірыңғай тізілім" – Одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімі, оны қалыптастыру мен жүргізуді Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асырады;

"уәкілетті ұйым" – медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын мекеме, ұйым немесе кәсіпорын (оның ішінде медициналық мекеме немесе ұйым).

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.MM.07, нұсқа 1.0.0.

##### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаты Одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдары туралы ақпарат алмасумен байланысты шығындарды медициналық бұйымдар айналысы саласында ортақ ақпараттық кеңістік құру есебінен төмендету үшін алғышарттар құру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) шеңберінде медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурсты құру;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарының интеграцияланған жүйе құралдары арқылы бірыңғай тізілімнен мәліметтерді электрондық түрде және автоматтандырылған режимде алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) мүдделі тұлғалары мен қызметкерлерінің Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы бірыңғай тізілімнен өзекті, толық және анық мәліметтер алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

г) бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының пайдалануын қамтамасыз ету.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізуді қамтамасыз ететін органы; бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерге қол жеткізуге жағдай жасайды
P.MM.07.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	мүше мемлекеттің бірыңғай тізілімді жаңарту үшін Комиссияға мәліметтер ұсынатын және интеграцияланған жүйе арқылы бірыңғай тізілімнен мәліметтерді автоматтандырылған режимде сұрататын органы
P.MM.07.ACT.002	мүдделі тұлға	бірыңғай тізілімнен ақпаратты сұрататын тұлға

## 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өз мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

- а) бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері;
- б) бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Комиссияға уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етеді. Комиссия алынған мәліметтердің негізінде бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізеді және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялайды. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады. Бірыңғай тізілімде қамтылған ақпаратқа қол жеткізу мүдделі тұлғалар үшін Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Аталған мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 93 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді

жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 93 Шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың нақтыланған сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы графикалық нотацияны пайдалану арқылы жасалған UML ( модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) және мәтіндік сипаттаумен жабдықталған.

#### 4. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсынуына қарай орындалады. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтерді өзгерту туралы ақпаратты қалыптастырады және интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы Комиссияға жібереді.

Өзгерістердің түріне қарай жалпы процестің бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген мынадай рәсімдері орындалады:

"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001);

"Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002);

"Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003).

16. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Жалпы процестің бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**Жалпы процестің бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізуге арналған. Рәсім уәкілетті

P.MM.07.PRC.001	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу	ұйым туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуды, бірыңғай тізілімді жаңартуды және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтиды
P.MM.07.PRC.002	бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту	бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерге өзгерістер енгізуге арналған. Рәсім уәкілетті ұйым туралы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға ұсынуды, бірыңғай тізілімді жаңартуды және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтиды
P.MM.07.PRC.003	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау	уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастауға арналған. Рәсім бірыңғай тізілімнен алып тастауға жататын уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынуды , бірыңғай тізілімді жаңартуды және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтиды

## 5. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен сұрау салуларды алған кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте сұрау салулардың мынадай түрлері жүзеге асырылуы мүмкін:

- бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;
- бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу;
- бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу.

Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінде сақталатын, бірыңғай тізілімге енгізілген, уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімде қамтылған және Комиссияда сақталатын мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу барлық мүше мемлекеттердің немесе мүше мемлекеттердің біреуінің бірыңғай тізілімге енгізілген уәкілетті ұйымдары туралы өзекті мәліметтерді сұрау салудың шарттарына қарай мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында жүзеге асырылады. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу ағымдағы күнгі де, сұрау салуда көрсетілген күнгі де жағдай бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының өзгертілген мәліметтерді алуы мақсатында жүзеге



асырылады. Сұрау салуды орындау кезінде сұрау салуда көрсетілген күннен және уақыттан бастап сұрау салу орындалған кезге дейін қосылған немесе өзгертілген, бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер ұсынылады. Сұрау салудың шарттарына қарай барлық мүше мемлекеттердің немесе мүше мемлекеттердің біреуінің бірыңғай тізілімге енгізілген уәкілетті ұйымдары туралы мәліметтер ұсынылады. Аталған сұрау салу мәліметтерді ұлттық ақпараттық ресурсқа бастапқы жүктеу кезінде, мысалы, жалпы процесті инициализациялау кезінде, жаңа мүше мемлекетті қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады.

Сұрау салудың типіне қарай бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына енгізілген мынадай рәсімдердің біреуі орындалады:


"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004);

"Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді алу" (P.MM.07.PRC.005);

"Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді алу" (P.MM.07.PRC.006).

Аталған рәсімдер дәйекті түрде орындалуы мүмкін, не әрбір рәсім сұрау салудың мақсаттарына қарай басқаларынан бөлек орындалуы мүмкін.

19. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Жалпы процестің бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**Жалпы процестің бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобына кіретін рәсімдерінің тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.PRC.004	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу	интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен сұрау салулар бойынша бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға арналған
P.MM.07.PRC.005	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді алу	интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен сұрау салулар бойынша көрсетілген күнгі жағдай бойынша өзекті бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуға арналған
P.MM.07.PRC.006	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді алу	интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен сұрау салулар бойынша бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді ұсынуға арналған

**V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері**

21. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

**Ақпараттық объектілер тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.BEN.001	бірыңғай тізілім	медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер ( сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс, оны қалыптастыру мен жүргізуді Комиссия мүше мемлекеттердің

уәкілетті органдары ұсынған мәліметтердің негізінде жүзеге асырады

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

### Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодпен белгілеу	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдері атауларының тізбесін және ISO 3166-1 стандартына сәйкес олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.024	тілдер сыныптауышы	сыныптауыш	тілдер атауларының тізбесін және ISO 639-1 стандартына сәйкес олардың кодтарын қамтиды
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандар сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.MM.07.CLS.001	медициналық ұйымдар қызметі түрлерінің сыныптауышы	Сыныптауыш	медициналық ұйымдар қызметі түрлерінің тізбесін қамтиды

## VIII. Жалпы процестің рәсімдері

### 1. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу рәсімдері

"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсімі

24. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсiмiн орындау схемасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсiмiн орындау схемасы

25. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсiмi мүше мемлекеттің уәкілетті органының осы уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін ұсынуы мақсатында уәкілетті ұйымды аттестаттаған жағдайда орындалады.

26. Бірінші болып "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға жібереді.

27. Мәліметтер бірыңғай тізілімге енгізу үшін Комиссияға келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

28. Мәліметтердің өңделу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.07.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің мәліметтерді жіберген уәкілетті органы мәліметтердің өңделу нәтижелері туралы хабарламаны алады.

29. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Мәліметтер енгізілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау" (P.MM.07.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым туралы енгізілген мәліметтерді қамтитын жаңартылған бірыңғай тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

30. Уәкілетті ұйым туралы енгізілген мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсімін орындау нәтижелері болып табылады.

31. Жалпы процестің "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

**Жалпы процестің "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу" (P.MM.07.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.OPR.001	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.002	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.003	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.004	мәліметтер енгізілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.001
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін алу кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен

		құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	мәліметтер бірыңғай тізілімге енгізу үшін Комиссияға берілді

8-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.002) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.002
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдайды және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды тексереді. Тексеру ойдағыдай орындалған жағдайда орындаушы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізуді мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын көрсете отырып жүзеге асырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді енгізуге сай келетін өңдеу нәтижесінің коды бар хабарламаны жібереді

7	Нәтижелер	бірыңғай тізілім жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді
---	-----------	--

9-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" ( P.MM.07.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.003
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қабылдайды және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелер	мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды

10-кесте

**"Мәліметтер енгізілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау" (P.MM.07.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.004

2	Операцияның атауы	мәліметтер енгізілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілім жаңартылғаннан кейін орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07. OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды
7	Нәтижелер	жаңартылған бірыңғай тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

### "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімі

32. "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімі бірыңғай тізілімге енгізілген уәкілетті ұйым туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу қажет болған кезде орындалады.

34. Бірінші болып "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін ұсыну" (P.MM.07. OPR.005) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше



мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға жібереді.

35. Мәліметтер бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін Комиссияға келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

36. Мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.07.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің мәліметтерді жіберген уәкілетті органы бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алады.

37. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Мәліметтер өзгертілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау" (P.MM.07.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органынан бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін алынған мәліметтерді қамтитын бірыңғай тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

38. Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді жаңарту және жариялау "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімін орындаудың нәтижелері болып табылады. Бұл ретте ағымдағы күнге өзекті болатын, бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер ғана жариялауға жатады.

39. Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

**Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.MM.07.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.OPR.005	мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.006	мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.007	бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген

P.MM.07.OPR.008	мәліметтер өзгертілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
-----------------	---	--

12-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.005
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді өзгерту кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті ұйым туралы өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	мәліметтер бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін Комиссияға берілді

13-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.006) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.006
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	мәліметтер бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін келіп түскен кезде орындалады (" Мәліметтерді бірыңғай тізілімге

		өзгерістер енгізу үшін ұсыну" (Р.ММ.07.ОПР.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдайды және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды тексереді. Тексеру ойдағыдай орындалған жағдайда бұған дейін берілген мәліметтер өзекті емес деп белгіленеді, өзгерістер тарихында көрсетіледі және Одақтың ақпараттық порталында көрініс таппайтын болады. Өзгертілген мәліметтер бірыңғай тізілімге енгізіледі және Одақтың ақпараттық порталында жарияланады. Орындаушы мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өзгертуге сай келетін өңдеу нәтижесінің коды бар хабарламаны жібереді
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілім жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

14-кесте

**"Бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу" (Р.ММ.07.ОПР.007) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.ММ.07.ОПР.007
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
		бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде

4	Орындау шарттары	орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны қабылдайды және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оны тексереді
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарлама алынды


15-кесте

**"Мәліметтер өзгертілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау" (P.MM.07.OPR.008) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.008
2	Операцияның атауы	мәліметтер өзгертілгеннен кейін бірыңғай тізілімді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізілгеннен кейін орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды
7	Нәтижелер	жаңартылған бірыңғай тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімі**

40. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

41. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімі уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау қажет болған кезде орындалады.

42. Бірінші "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уәкілетті ұйымды бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға жібереді.

43. Уәкілетті ұйымды бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

44. Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін өңдеу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.07.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің мәліметтерді жіберген уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алады.

45. "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Мәліметтер алып тасталғаннан

кейін бірыңғай тізілімді жариялау" (P.MM.07.OPR.012) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым туралы мәліметтер алып тасталғаннан кейін бірыңғай тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

46. Бірыңғай тізілімді жаңарту және Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімін орындаудың нәтижелері болып табылады. Бұл ретте ағымдағы күнге өзекті болатын, бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер ғана жариялауға жатады.

47. Жалпы процестің "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

**Жалпы процестің "Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.MM.07.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.OPR.009	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.010	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.011	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.012	мәліметтер алып тасталғаннан кейін бірыңғай тізілімді жариялау	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

17-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.009) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.009
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау кезінде орындалады
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен

5	Шектеулер	мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті ұйымды бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	мәліметтер бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін Комиссияға берілді

18-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.010) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.010
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	мәліметтер бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін келіп түскен кезде орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін ұсыну" (P.MM.07.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
		орындаушы мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдайды және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды тексереді. Тексеру ойдағыдай орындалған жағдайда орындаушы мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастауды жүзеге асырады, сондай-ақ мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын тіркейді. Бірыңғай тізілімнен алып тасталатын мәліметтер өзгерістер

6	Операцияның сипаттамасы	тарихын қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеу үшін қолжетімсіз болады. Орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өзгертуге сай келетін өңдеу нәтижесінің коды бар мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілім жаңартылды, мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді

19-кесте

**"Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (Р.ММ.07.ОПР.011) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.ММ.07.ОПР.011
2	Операцияның атауы	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу" (Р.ММ.07.ОПР.010) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оны тексереді



7	Нәтижелер	мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау нәтижелері туралы хабарлама алынды
---	-----------	---

20-кесте

**"Мәліметтер алып тасталғаннан кейін бірыңғай тізілімді жариялау" (P.MM.07.OPR.012) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.012
2	Операцияның атауы	мәліметтер алып тасталғаннан кейін бірыңғай тізілімді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	мәліметтер бірыңғай тізілімнен алып тасталғаннан кейін орындалады ("Мәліметтерді бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы жаңартылған бірыңғай тізілімді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды
7	Нәтижелер	жаңартылған бірыңғай тізілім Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

**2. Бірыңғай тізілімнен мәліметтер ұсыну рәсімдері "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімі**

48. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

49. "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу қажет болған жағдайда орындайды.

50. Бірінші болып "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.MM.07.OPR.013) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды қалыптастырып, Комиссияға жібереді.

51. Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.014) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

52. Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.015) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салуды жіберген уәкілетті органы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы алынған ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады.

53. Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты

туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

54. Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 21-кестеде келтірілген.

21-кесте

**Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.OPR.013	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу	осы Қағидалардың 22-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.014	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.015	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген

22-кесте

**"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.MM.07.OPR.013) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.013
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты

		ұсынуға сұрау салуды қалыптастырып, Комиссияға жібереді
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу Комиссияға жіберілді

23-кесте

**"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (Р.ММ.07.ОПР.014) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.ММ.07.ОПР.014
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты ұсынуға сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (Р.ММ.07.ОПР.013) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды тексеруді орындайды және сұрау салуға жауапты жібереді
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылды

24-кесте

**"Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (Р.ММ.07.ОПР.015) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	Р.ММ.07.ОПР.015

2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алған кезде орындалады ("Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.014) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы алынған ақпаратты тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алынды

### **"Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімі**

55. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімін орындау схемасы 8-суретте ұсынылған.



8-сурет. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімін орындау схемасы

56. "Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу қажет болған кезде орындайды.

57. Бірінші "Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.07.OPR.016) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырып, Комиссияға жібереді.

58. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуға сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.017) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

59. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.018) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жіберген уәкілетті органы бірыңғай тізілімнен алынған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

60. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

61. Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 25-кестеде келтірілген.

25-кесте

**Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.OPR.016	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 26-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.017	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 27-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.018	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 28-кестесінде келтірілген

26-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.07.OPR.016) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.016
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
		орындаушы бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қалыптастырып, Комиссияға жібереді. Орындаушы барлық

6	Операцияның сипаттамасы	мүше мемлекеттер бойынша немесе нақты бір мүше мемлекет бойынша өзекті мәліметтерді сұратады. Сұрау салуда өзекті мәліметтерді ұсыну қажет болатын күн көрсетіледі. Егер күні көрсетілмесе, бірыңғай тізілімде қамтылған, ағымдағы күнге өзекті барлық мәліметтер ұсынылады
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу Комиссияға жіберілді

27-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.017) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.017
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуға сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.07.OPR.016) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған сұрау салуды тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды, сұрау салуда көрсетілген күнге өзекті, бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді немесе мәліметтердің жоқтығына сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодын көрсете отырып, сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастырады және оны мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді. Егер сұрау салуда елдің коды көрсетілсе, онда бірыңғай



		тізілімнен алынатын мәліметтер нақты бір мүше мемлекет бойынша ұсынылады
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылды


28-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.018) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.018
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны ұсыну кезінде орындалады ("Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.017) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған мәліметтерді тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды және оларды өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алынды

**"Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімі**

62. "Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімін орындау схемасы 9-суретте ұсынылған.



9-сурет. "Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімін орындау схемасы

63. "Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімі енгізілуі немесе өзгертілуі сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін орын алған бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады. Рәсім, егер "Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу" (P.MM.07.PRC.004) рәсімін орындау нәтижесінде бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының соңғы алу күні мен уақыты бірыңғай тізілімді соңғы жаңартқан күн мен уақыттан ертерек болғандығы анықталса да орындалады.

64. Бірінші "Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.07.OPR.019) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырып, Комиссияға жібереді.

65. Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.020) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия бірыңғай тізілімде сұрау салуда көрсетілген күннен

бастап өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

66. Бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.07.OPR.021) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жіберген уәкілетті органы алынған мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

67. Бірыңғай тізілімде өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

68. Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі 29-кестеде келтірілген.

29-кесте

**Жалпы процестің "Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтер алу" (P.MM.07.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын операцияларының тізбесі**

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.07.OPR.019	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 30-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.020	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 31-кестесінде келтірілген
P.MM.07.OPR.021	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 32-кестесінде келтірілген

30-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.07.OPR.019) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.019

2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы сұрау салуда көрсетілген жаңарту күні мен уақытынан бастап сұрау салу орындалған кезге дейін бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қалыптастырып, Комиссияға жібереді. Бірыңғай тізілімнен алынатын толық мәліметтерге сұрау салу үшін күні мен уақыты көрсетілмейді.
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салу Комиссияға жіберілді

31-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.020) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.020
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді ұсынуға сұрау салу келіп түскен кезде орындалады ("Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу" (P.MM.07.OPR.019) операциясы)

5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған сұрау салуды тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды. Тексеру ойдағыдай орындалған жағдайда орындаушы сұрау салуда көрсетілген жаңарту күні мен уақытынан бастап бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтер туралы хабарламаны немесе мәліметтердің жоқтығына сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодын көрсете отырып, сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы (сұрау салуда көрсетілген жаңарту күні мен уақытынан бастап өзгерістердің жоқтығы) туралы хабарламаны жібереді. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер сұрау салу шарттарына қарай барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе нақты бір мүше мемлекет бойынша ұсынылады. Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер өзгерістер тарихы ескеріліп ұсынылады
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылды

32-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.07. OPR.021) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.OPR.021
2	Операцияның атауы	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарламаны ұсыну кезінде орындалады (" Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.MM.07.OPR.020) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдары сипаттамасына сәйкес болуға тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы алынған мәліметтерді тексеруді Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес орындайды
7	Нәтижелер	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама алынды

## IX. Штаттан тыс жағдайларда әрекет ету тәртібі

69. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде айрықша жағдайлар болуы мүмкін, бұл ретте деректерді өңдеуді қалыпты режимде жүргізу мүмкін болмайды. Бұл техникалық іркілістер, құрылымдық және форматтық-логикалық бақылаудағы қателіктер және өзге де жағдайлар туындаған кезде болуы мүмкін.

70. Құрылымдық және форматтық-логикалық бақылаудағы қателіктер туындаған жағдайда мүше мемлекеттің уәкілетті органы қателік туралы хабарлама алынған хабарға қатысты оның Электрондық құжаттардың форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және электрондық құжаттар мен мәліметтердің осы жалпы процеске арналған Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес толтырылу талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттардағы талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы анықталған қателікті белгіленген тәртіппен жою үшін қажетті шаралар қолданады.

71. Штаттан тыс жағдайларды шешу мақсатында мүше мемлекеттер бір-біріне және Комиссияға осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау құзыретіне кіретін мүше

мемлекеттердің уәкілетті органдары туралы хабар береді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар туралы мәліметтерді ұсынады.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 30 тамыздағы  
№ 93 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 109 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Медициналық бұйымдар айналысы саласындағы ақпараттық жүйені қалыптастыру мен жүргізу тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 12 ақпандағы № 30 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың "Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) транзакцияларын орындаудың тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ оларды орындау кезіндегі өз рөлін біркелкі түсінуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

3. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды іске асыруға тікелей бағытталған жалпы процесс операцияларын орындаудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

4. Осы Регламентті жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрауыштарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

5. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процестің белгілі бір қатысушысына белгілі бір іс-қимылдарды орындауға құқықтар беру;

Осы Регламентте пайдаланылатын "бастамашы", "бастама операция", "қабылдайтын операция", "респондент", "жалпы процесс хабарламасы" және "жалпы процесс транзакциясы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 93 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мәндерде қолданылады.



#### IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер

##### 1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

6. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

##### Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі

Рөлдің атауы	Рөлдің сипаттамасы	Рөлді орындайтын қатысушы
1	2	3
Деректер иесі	Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарының бірыңғай тізілімін (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) жанартып отыру үшін медициналық бұйымдарды тіркеу мақсатында оларға зерттеулер (сынақтар) жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтерді ұсынады	мүше мемлекеттің уәкілетті органы (P.MM.07.ACT.002)
Үйлестіруші	бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізуге жауап береді, осы тізілімде қамтылған мәліметтерге қол жеткізуге рұқсат береді	Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001)

##### 1. Ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

7. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттің уәкілетті органы, Комиссия) жалпы процесс рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл;  
бірыңғай тізілімді пайдалану кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

8. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс шеңберінде іске асырылады. Жалпы процестің құрылымы Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған.

9. Ақпараттық өзара іс-қимыл жалпы процесс транзакцияларын орындау тәртібін айқындайды, олардың әрқайсысы жалпы процеске қатысушылар арасында жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйін үйлестіру мақсатында хабарламалар алмасуды білдіреді. Әрбір ақпараттық өзара іс-қимыл үшін операциялар мен осындай операцияларға сәйкес келетін жалпы процесс транзакциялары арасындағы өзара байланыс айқындалған.


10. Бастамашы жалпы процесс транзакцияларын орындау кезінде өзі жүзеге асыратын операциялар шеңберінде (бастама операция) респондентке сұрау салу хабарламасын жібереді, респондент өзі жүзеге асыратын операция шеңберінде (қабылдайтын операция) оған жауап ретінде жалпы процесс транзакциясының шаблонна байланысты жауап хабарлама жіберуі немесе жібермеуі мүмкін. Хабарламалар құрамындағы деректердің құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 93 шешімімен бекітілген Жалпы процесті сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

11. Жалпы процесс транзакциялары осы Регламентте айқындалғандай, жалпы процесс транзакцияларының берілген параметрлеріне сәйкес орындалады.

## V. Рәсімдер топтары шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

### 1. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

12. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы 2-суретте ұсынылған. Жалпы процестің әрбір рәсімі үшін 2-кестеде операциялар, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және қорытынды жай-күйлері мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс келтірілген.



2-сурет. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы

2-кесте

**Бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізу кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі**

№ р/р	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің қорытынды жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6

1	Бірыңғай тізілімге мәліметтерді енгізу (P.MM.07.PRC.001)				
1.1	Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді ұсыну (P.MM.07.OPR.001). Бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу (P.MM.07.OPR.003)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): енгізу үшін мәліметтер берілді	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.MM.07.OPR.002)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңартылды	бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру (P.MM.07.TRN.001)
2	Бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту (P.MM.07.PRC.002)				
2.1	Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну (P.MM.07.OPR.005). Бірыңғай тізілімдегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу (P.MM.07.OPR.007)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): өзгерту үшін мәліметтер берілді	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.MM.07.OPR.006)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңартылды	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру (P.MM.07.TRN.002)
3	Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алып тастау (P.MM.07.PRC.003)				
3.1	Бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну (P.MM.07.OPR.009). Бірыңғай тізілімнен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу (P.MM.07.OPR.011)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): алып тастау үшін мәліметтер берілді	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.MM.07.OPR.010)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңартылды	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру (P.MM.07.TRN.003)

## 2. Бірыңғай тізілімді пайдалану кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл

13. Бірыңғай тізілімді пайдалану кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы 3-суретте берілген. Жалпы процестің әрбір рәсімі үшін 3-кестеде операциялар, жалпы процестің ақпараттық объектілерінің аралық және қорытынды жай-күйлері мен жалпы процесс транзакциялары арасындағы байланыс келтірілген.



3-сурет. Бірыңғай тізілімді пайдалану кезінде жалпы процесс транзакцияларын орындау схемасы

3-кесте

### Бірыңғай тізілімді пайдалану кезіндегі жалпы процесс транзакцияларының тізбесі

№ р/р	Бастамашы орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің аралық жай-күйі	Респондент орындайтын операция	Жалпы процестің ақпараттық объектісінің қорытынды жай-күйі	Жалпы процесс транзакциясы
1	2	3	4	5	6

1	Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу (P.MM.07.PRC.004)				
1.1	Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу (P.MM.07.OPR.013). Бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу (P.MM.07.OPR.015)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат сұратылды	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну (P.MM.07.OPR.014)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат ұсынылды	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу (P.MM.07.TRN.004)
2	Бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу (P.MM.07.PRC.005)				
2.1	Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу (P.MM.07.OPR.016). Бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.MM.07.OPR.018)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): мәліметтер сұратылды	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу және ұсыну (P.MM.07.OPR.017)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): мәліметтер жоқ. бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): мәліметтер ұсынылды	бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу (P.MM.07.TRN.005)
3	Бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу (P.MM.07.PRC.006)				
3.1	Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу (P.MM.07.OPR.019). Бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді қабылдау және өңдеу (P.MM.07.OPR.021)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): өзгертілген мәліметтер сұратылды	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерді өңдеу және ұсыну (P.MM.07.OPR.020)	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): өзгертілген мәліметтер жоқ. бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): өзгертілген мәліметтер ұсынылды	бірыңғай тізілімнен өзгертілген мәліметтерді алу (P.MM.07.TRN.006)

## VI. Жалпы процесс хабарламаларының сипаттамасы

14. Жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде берілетін жалпы процесс хабарламаларының тізбесі 4-кестеде келтірілген. Хабарлама құрамындағы деректер құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасындағы тиісті құрылымға сілтеме 4-кестенің 3-бағанының мәні бойынша белгіленеді.

4-кесте


### Жалпы процесс хабарламаларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымы
1	2	3
P.MM.07.MSG.001	бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтер	уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтер (R.НС.ММ.07.001)
P.MM.07.MSG.002	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтер	уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтер (R.НС.ММ.07.001)
P.MM.07.MSG.003	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтер	уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтер (R.НС.ММ.07.001)
P.MM.07.MSG.004	бірыңғай тізілімді жаңарту нәтижелері туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)
P.MM.07.MSG.005	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу	жалпы ресурсты жаңартып отырудың жай-күйі (R.007)
P.MM.07.MSG.006	бірыңғай тізілімді жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат	жалпы ресурсты жаңартып отырудың жай-күйі (R.007)
P.MM.07.MSG.007	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтерге сұрау салу	жалпы ресурсты жаңартып отырудың жай-күйі (R.007)
P.MM.07.MSG.008	бірыңғай тізілімнен алынатын мәліметтер	уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтер (R.НС.ММ.07.001)
P.MM.07.MSG.009	бірыңғай тізілімде мәліметтердің жоқтығы туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)
P.MM.07.MSG.010	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтерге сұрау салу	жалпы ресурсты жаңартып отырудың жай-күйі (R.007)
P.MM.07.MSG.011	бірыңғай тізілімнен алынатын өзгертілген мәліметтер	уәкілетті ұйымдар туралы мәліметтер (R.НС.ММ.07.001)
P.MM.07.MSG.012	бірыңғай тізілімде өзгерістердің жоқтығы туралы хабарлама	өңдеу нәтижесі туралы хабарлама (R.006)

## VII. Жалпы процесс транзакцияларының сипаттамасы

### 1. "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.001) жалпы процесінің транзакциясы

15. "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.001) жалпы процесінің транзакциясы респондентке тиісті мәліметтерді беру үшін орындалады. Жалпы процестің аталған транзакциясын орындау схемасы 4-суретте ұсынылған. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 5-кестеде келтірілген.



4-сурет. "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.001) жалпы процесінің транзакциясын орындау схемасы

5-кесте

### "Бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.001) жалпы процесі транзакциясының сипаттамасы

№ р/р	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.TRN.001
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастама рөл	бастамашы
5	Бастама операция	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтер ұсыну



6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдайтын операция	бірыңғай тізілімге енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
8	Жалпы процесс транзакциясын орындау нәтижесі	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңартылды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері	
	алуды растауға арналған уақыт	–
	өңдеуге қабылдауды растау уақыты	20 мин
	жауапты күту уақыты	1 сағат
	авторландыру белгісі	ия
	қайталаулар саны	3
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарламасы:	
	бастама хабарлама	бірыңғай тізілімге енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтер (P.MM.07.MSG.001)
	жауап беру хабарламасы	бірыңғай тізілімді жаңарту нәтижелері туралы хабарлама (P.MM.07.MSG.004)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарламаларының параметрлері	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ – P.MM.07.MSG.001 үшін (жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде ЭЦҚ-ны қолдану Комиссия Алқасының тиісті шешімімен көзделген жағдайларды қоспағанда) жоқ – P.MM.07.MSG.004 үшін
	ЭЦҚ дұрыс емес электрондық құжатты беру	–

## **2. "Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.002) жалпы процесінің транзакциясы**

16. "Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.002) жалпы процесінің транзакциясы респондентке тиісті мәліметтер беру үшін орындалады. Жалпы процестің аталған транзакциясын орындау схемасы 5-суретте берілген. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 6-кестеде келтірілген.



5-сурет. "Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.002) жалпы процесінің транзакциясын орындау схемасы

6-кесте


**"Бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.002) жалпы процесі транзакциясының сипаттамасы**

№ р/р	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.TRN.002
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастама рөл	бастамашы
5	Бастама операция	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдайтын операция	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
8	Жалпы процесс транзакциясын орындау нәтижесі	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңартылды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері	
	алуды растауға арналған уақыт	–
	өңдеуге қабылдауды растау уақыты	20 мин

	жауапты күту уақыты	1 сағат
	авторландыру белгісі	ия
	қайталаулар саны	3
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарламасы:	
	бастама хабарлама	бірыңғай тізілімге өзгерістер енгізу үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтер (P.MM.07.MSG.002)
	жауап беру хабарламасы	бірыңғай тізілімді жанарту нәтижелері туралы хабарлама (P.MM.07.MSG.004)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарламаларының параметрлері	
	ЭЦҚ белгісі	жоқ – P.MM.07.MSG.002 үшін (жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде ЭЦҚ-ны қолдану Комиссия Алқасының тиісті шешімімен көзделген жағдайларды қоспағанда) жоқ – P.MM.07.MSG.004 үшін
	ЭЦҚ дұрыс емес электрондық құжатты беру	–

### 3. "Бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.003) жалпы процесінің транзакциясы

17. "Бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.003) жалпы процесінің транзакциясы респондентке тиісті мәліметтерді беру үшін орындалады. Жалпы процесінің аталған транзакциясын орындау схемасы 6-суретте ұсынылған. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері 7-кестеде келтірілген.



6-сурет. "Бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.003) жалпы процесінің транзакциясын орындау схемасы  
7-кесте

**"Бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру" (P.MM.07.TRN.003) жалпы процесі транзакциясының сипаттамасы**

№ р/р	Міндетті элемент	Сипаттама
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.07.TRN.003
2	Жалпы процесс транзакциясының атауы	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтерді беру
3	Жалпы процесс транзакциясының шаблону	сұрау салу/жауап
4	Бастама рөл	бастамашы
5	Бастама операция	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер ұсыну
6	Ден қою рөлі	респондент
7	Қабылдайтын операция	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
8	Жалпы процесс транзакциясын орындау нәтижесі	бірыңғай тізілім (P.MM.07.BEN.001): жаңартылды
9	Жалпы процесс транзакциясының параметрлері	
	алуды растауға арналған уақыт	–
	өңдеуге қабылдауды растау уақыты	20 мин

	жауапты күту уақыты	1 сағат
	авторландыру белгісі	ия
	қайталаулар саны	3
10	Жалпы процесс транзакциясының хабарламасы:	
	бастама хабарлама	бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін уәкілетті ұйым туралы мәліметтер (P.MM.07.MSG.003)
	жауап беру хабарламасы	бірыңғай тізілімді жаңарту нәтижелері туралы хабарлама (P.MM.07.MSG.004)
11	Жалпы процесс транзакциясы хабарламаларының параметрлері	
